



2013 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Бурабай ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 23 желтоқсандағы № а-11/766 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 26 желтоқсанда № 3934 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облысы Бурабай ауданы әкімінің 2014 жылғы 15 қаңтардағы № 01-10/63 хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облысы Бурабай ауданы әкімінің 15.01.2014 № 01-10/63 хатымен).

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңына, «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 6 бабы 4 тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, Бурабай ауданының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Қоса берілген 2013 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М.Б.Нұрпанаоваға жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Н. Нұркенов

Бурабай

ауданы

әкімдігінің

2013

жылғы

23

желтоқсандағы

№ а-11/766 қаулысымен бекітілген

2013 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері

		Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны		Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының бір айға арналған жан басына шаққандағы қаржыландыру мөлшері (теңге)		
Қаржыландыру	Балабақша	Балалар толық күн болатын мектеп жанындағы шағын орталық	Балалар жарты күн болатын мектеп жанындағы шағын орталық	Балабақша	Балалар толық күн болатын мектеп жанындағы шағын орталық	Балалар жарты күн болатын мектеп жанындағы шағын орталық
Республикалық қаражаты есебінен	796	296	439	19377	13913	6957

кестенің жалғасы

Бір тәрбиеленушіге жұмсалатын шығындардың орташа құны (теңге)			Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының бір айға арналған ата-ананың ақы төлеу мөлшері (теңге)		
Балабақша	Балалар толық күн болатын мектеп жанындағы шағын орталық	Балалар жарты күн болатын мектеп жанындағы шағын орталық	Балабақша	Балалар толық күн болатын мектеп жанындағы шағын орталық	Балалар жарты күн болатын мектеп жанындағы шағын орталық
19377	13913	6957	11000	8000	